

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Тараз қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі

Тәуелсіздік - мәңгілік ел мұраты

Виртуалды көрме

Тараз-2021

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға қастерлі Тәуелсіздігіміздің - 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік - мәңгілік ел мұраты» атты виртуалды көрмемізді ұсынамыз!

Тәуелсіздік күні – ұлт тарихындағы ең қастерлі мереке.

Тәуелсіздік – кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі. Өзінің алдында дербестігі. Тәуелсіздік – сіздің тыныстап отырған, еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отаныңыз.

Сіздерге сәтті сапар біздің виртуалды көрмемізге!


ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН




ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



[Толық мәлімет](#)




[Толық мәлімет](#)



[Толық мәлімет](#)



[Толық мәлімет](#)




[Толық мәлімет](#)



[Толық мәлімет](#)



[Толық мәлімет](#)



[Толық мәлімет](#)



[Толық мәлімет](#)



Қазақстан – өз әнұраны, елтаңбасы, көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекет. ТМД елдері арасында тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялаған күннен бастап бұл елдің өз халқы, өзіне тән ұлты мен тілі бар.


Қазақстанның жаңа Конституциясының 1995 жылы қабылдануы тәуелсіздігіміздің аса биік саяси белесі болды. Онда билік құрудың жаңа қағидалары бекітілді, азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау қолға алынды.



Тарихта мемлекеттік тәуелсіздікті алудың бірнеше жолы кездесе, біздің еліміз солардың қай-қайсысын да айналып өтпегендей. Жалпы, жер бетіндегі үш мыңнан астам ұлт пен ұлыстың екі жүздейінің ғана өз мемлекеттілігі бар. Яғни, тәуелсіздік – қаншама халықтың арманы. Бізге ата-бабаларымыз екі ғасырдай уақыттан бері армандаған саяси дербес, басқа мемлекеттер таныған ел болуын көру бақыты бұйырды. Енді, міне еліміз өз Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесін қарсы алу үстінде. Осы кезеңде еліміздің қол жеткізген әрбір табысы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев есімімен тығыз байланысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік күнімен құттықтағанда «...Біз үшін Тәуелсіздіктен асқан құндылық жоқ. Оны бағалай білу – бүгінгі және өскелең ұрпақтың міндеті. Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың теңдессіз рөлін ешқашан ұмытпауымыз керек. Тұңғыш Президентіміз – мемлекетіміздің негізін қалаушы, тарихи және әлемдік деңгейдегі тұлға» деген болатын.

94(574) Бектемісов, А. Тәуелсіздік тартуы [Мәтін] / Асқарбек Бектемісов. -
Б40 Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 320 б.



Автор қазақ елінің баға жетпес басты байлығы — Тәуелсіздігімізді публицистикалық туындысына арқау ете отырып, ата-бабаларымыз ғасырлар бойына армандап өткен бостандықтың тәтті дәмін татқанын бақытына балайды. Тәуелсіздігіміздің арқасында Арқа төсінде әсем қала — Астанамыздың бой көтергенін, оған қарап, еліміздің өңірлеріндегі барша қалалар көш түзегенін тіліне тиек еткен. Бүгінгі таңда төрткүл дүние таңдай қағып тамсанған тама- ша Елордамызды, оның авторы — көреген көшбасшымыз Н.Ә. Назарбаевтың Еліміздің алдындағы көл-көсір еңбегін ерекше шабытпен жырлаған. Ұлтымыздың мақтанышына, айбарына айналған бас қаламыздың халқымыздың рухын көтеріп, оның дамудың даңғыл жолына түскенін көркем тілмен кестелеген. Бұрынғы отаршы елдің (Патшалық Ресей, КСРО) ұлтымыз жайлы жер жүзіне жайған: «Қазақ деген халық — мал соңында жүріп, цивилизацияның оң көшінен қалып қойған қараңғы қаңғыбас халық» деген сөзін теріске шығарып, іс жүзінде қазақтардың дана халық екенін дәйекті деректермен дәлелдеп берген. Қазақ деген атаудың қалай қалыптасқанын соқырға таяқ ұстатқандай ұғындырған. «Қазақстан — 2050» Стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, озық 30 елдің қатарына қосылу — «Мәңгілік Ел» болу жолындағы сабақтастық екенін тебірене толғаған. Толғай отырып, Ұлы Дала елінде алдымызға қойған ұлы мақсаттарға жетудегі көзқарасымызды құбылмалы кесірткедей (хамелеон) құбылтпауға үндейді. Отанға, жерге, мәдениетке, тарихқа деген түсінігіміздің түпкілікті де тиянақты болуына және рухани жаңғыруға уағыздайды.

Сонымен қатар автор артына, кең-байтақ еліне адалдығымен өшпес өнегелі із қалдырған, қазақтың асыл перзенті, біртуар азаматы, еңбек ері, мемлекет және қоғам қайраткері Е.Н. Әуелбеков жайлы және сан қилы өмір өткелдерінен бірге өткен өрелі ел ағаларының өнегелерін сом алтындай сомдаған. Сондай-ақ өмірде кездесіп жататын келеңсіз көріністерді де назарынан тыс қалдырмаған. Жалпы қарымды қаламгердің тілі жағық әрі тартымды. Оның қаламынан шыққан әр публицистикалық туындысы мен әсерлі эсселері оқырманын жалықтырмай алға жетелеп отырады.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)




323(574) Назарбаев, Н. Ә. Тәуелсіздік дәуірі [Мәтін] / Нұрсұлтан Назарбаев. - Н17 Алматы : ҚАЗАқпарат, 2017. – 508 б.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты бұл кітабы тарихи публицистика жанрында жазылған, ол еліміздің жаңа тарихы мен оның ертеңіне деген автордың көзқарасын танытады. Егемен мемлекеттің негізі қаланған күннен бастап оның қалыптасу кезеңдерінің ерекшеліктері мен 26 жылдық тәуелсіздік дәуіріндегі ішкі және сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге байланысты қабылданған шешімдердің мән-мазмұны мен тетіктері егжей-тегжейлі баяндалады.

Кітапта «қазақстандық даму үлгісінің» табиғаты мен оның эволюциясы, басты ұстанымдары мен қозғаушы күштері сараланған. Қазақстанды жаңғыртудың үш толқыны кеңінен ашып көрсетілген. Бірінші және екінші жаңғырту аясында тоталитарлық жүйеден түбегейлі ажырап, нарықтық экономиканы құру және бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндеті мерзімінен бұрын орындалды. Үшінші жаңғыртудың мақсаты - елімізді қалыптасқан жаңа жаһандық ахуал жағдайында жаңғырта отырып, әлемдегі ең өркенді 30 мемлекеттің қатарына қосу.

«Тәуелсіздік дәуірі» отандық және шетелдік қалың оқырман қауымды қызықтырар туынды.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)





Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты тағылымы мынада: кез келген тығырықтан жол тауып, кедергіні - мүмкіндікке, тәуекелді табысқа айналдырып, ең асқақ арманға қол жеткізу әркімнің өз қолында.

Меңіс пен жетістік - жасқандай алға ұмтылғанның еншісінде.


Қазақстанды жоғары дамыған мемлекетке айналдыратын - азат ойлы, жаңашыл да жасампаз азаматтары. Ол үшін әркім жан-жақты және кемел білімге ден қойып, қажырлы еңбек пен өзін-өзі толассыз жетілдіруді өмір салтына айналдыруы қажет.

Демек, бүгін де болашақ үшін құлшына іске кірісетін, жігерімізді жанып, санамыз бен өмірімізді өзгертетін сәт тағы туып тұр.

Ұлы тарих Кемел келешекке жетелейді.

Нұрсұлтан Назарбаев

342.5(574) Жалаири, Ө. Елбасы біреу ел оған тіреу [Мәтін] / Өмірәлі Ж22 Жалаири . - Алматы : Алатау, 2017. – 432 б.



Отандық мемлекеттік құрылысты нығайту және мемлекеттік басқару саласында ерен еңбек етіп жүрген көрнекті қоғам қайраткері, белгілі ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор Өмірәлі Шақарапұлы Жалаиридің бұл кітабында оның негізгі еңбектері «Конституционно-правовые основы организации государственной власти в Республике Казахстан в соответствии с принципом ее разделения на ветви» монографиясы, басқа да мақалалары, белгілі қоғам қайраткерлерінің ғалым туралы пікірлері қамтылды.

Кітап ғалымдар мен студенттер, көпшілік оқырман қауымға арналған.

[Кітап сөресіне қайта оралу..](#)






Қазіргі қазақ жерінде сонау скиф, сақ, ғұндардан бастау алатын жиырмадан аса мемлекеттің екі мың жылдай сабақтаса өмір сүргенін көреміз. Бұлардан кейін 1269 жылы Моңғол империясынан тәуелсіздік алған Алтын Орда мемлекеті құрылды. Ол ыдырағаннан кейін пайда болған бірнеше үлкенді-кішілі хандықтардың қатарында Қазақ хандығы 1465 жылы дербес мемлекет ретінде тарих сахнасына шықты. Демек, сыртқы және ішкі қайшылықтардың салдарынан ыдыраған кеңестік империядан тәуелсіздік алған бүгінгі жаңа Қазақстан – өзіне дейінгі мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдардың мұрагері.

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді.

94(574) Омарбеков, Т. Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар
О-58 баяны [Мәтін] / Талас Омарбеков. - Алматы : Хантәңірі, 2017. – 342 б.

Қазақтың белгілі тарихшысы, ғалым Талас Омарбековтің бұл жинағына қазақ халқы мемлекеттігінің негізі болып табылатын - ежелгі түркі қағанаттарының тарихы жөніндегі зерттеу еңбектері еніп отыр.

Автор шығарманы жазу барысында көптеген тарихи мұрағат-тар мен деректерге, мәліметтерге сүйене отырып, дәйекті пікірлер келтіреді. Кітап қазақ елі тарихына қызығушылық танытатын жас зерттеушілерге, студенттер мен оқушыларға, жалпы қалың оқыр-ман қауымға арналады.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

94(574)(031) Қазақтың хас батырлары [Мәтін] : (ғылыми-танымдық
Қ19 энциклопедиялық жинақ) / [құраст. А. Б. Тасболатов, Т. Қ. Мұсаев]. -
Алматы : Ел-шежіре, 2020. – 400 б.



Қазақ тарихының әрбір белесінде халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған, ұйымдастырушы болған, асқан ерлік көрсеткен азаматтар халық батыры атанған. Қазақ ұлтының бағына орай Тарих-ана әр ғасырда жаужүрек, батырұлдары мен қыздарын мол жаратқан. Ұлт содан аман қалған. Қазақ жері солардың арқасында жаудың қолында кетпеді. Осылайша, қазіргі кең байтақ өлкемізді, құтты қоныс, атамекенімізді батыр бабаларымыз ұлы жорықтарда білегінің күшімен, найзасының ұшымен қорғай жүріп бізге аманаттап қалдырды. Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған тарихи ерлікті қадірлеуіміз қажет. Тұңғыш рет ұсынылып отырған қазақ батырлары туралы осы толымды топтамадан оқырман қауым ел тарихында баға жетпес із қалдырған ержүрек батырлардың өмір жолы мен күрескерлігін жаңа, тың қырынан тани алады. Топтамаға материалдар жинақтауда қазақ батырлары туралы шығармалар, Қазақстанның барлық облыстары ұсынған батырлар туралы деректер пайдаланылды.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)



*Мәуелсіздік еш уақытта ештеңеге
айырбасталайтын мәртебелі
құндылығымыз*


Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы

94(574) Естеліктегі Алаш [Мәтін] : [ғылыми-танымдық басылым] / [құраст. Е85 алғы сөзін және түсініктерін жазған С. Б. Жұмағұл]. - Нұр-Сұлтан : Алаш Орда, 2020. – 488 б.


Кітапта Алашорда қайраткерлерінің мемлекетшілдік сана биігіндегі жасампаздық ғұмырларының тарихи тағылымына бойлататын түрлі жанрдағы естеліктерден үзінділер берілген. Қыр перзенттерінің туған жері мен ататегі, отбасы мен ағайын-туысқандары, өскен ортасы мен мұраттас серіктері, рухани және ғылыми айналасы, қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірудегі тар жол, тайғақ кешулі саяси-қоғамдық қызметтерінің белесті кезеңдеріне қатысты құнды деректер қамтылған. Тоталитарлық жүйе қылмысын айғақтайтын Алаш зиялыларының жарлары мен ұрпақтары, мұраттас серіктері мен ізбасар тұлғалардың, елшіл азаматтардың қанмен жазылған естеліктері тәуелсіздігімізді қастерлеуге, асылдарымызды бағалауға ой салады.

Ғылыми-танымдық басылым ұлтымызды азаттық пен рухани кемелділікке бастаған марғасқаларымыздың өзгеше бітімдегі бекзат болмысы мен асыл қасиеттерін, өнегелі өмірі мен қайсарлыққа толы табанды күрескерлік қызметін танып білуге ынтазар қауымға арналған.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)





Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тапту көршілік жағдайында тұрғыза деген ынта-ықпалының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

Нурсултан Назарбаев



Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ қазақ елін мекендеп отырған 130-дан астам этностың бірегей бірлігін қалыптастыруды мақсат тұтқан Елбасы көп елдің тәжірибесінде кездесе бермейтін тың, жаңашыл бастама көтеріп, 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы ассамблеясын құрды. Бүгінде еліміздің саяси жүйесінің толыққанды субъектісіне айналған ассамблея этносаралық келісімді, халық бірлігін одан әрі нығайтуға қолайлы жағдай жасап келеді. Елдігіміздің мызғымас құндылықтары – бейбітшілік пен келісімге, татулық пен бірлікке көптеген мемлекет қызыға қарап, оны қазақстандық модель ретінде танып отыр.



94(574) Әбжанов, Х. Рухани жаңғыру және ұлттық тарих [Мәтін] / Ханкелді
Ә17 Әбжанов. - Алматы : [баспасыз], 2020. – 256 б.



Кітапта «Рухани жаңғыру» бағдарламасының Қазақстанда жүзеге асу барысы мен тәжірибесі тарихи-методологиялық қырынан зерделенеді. Отандық тарих ғылымының ұлттық жадты, сананы және танымды заманауи биікке көтеруге септесетін мүмкіндіктері мен келешегі талданған. Ұлы дала тұлғаларының әлемдік және түркілік өркениетке қосқан үлестері лайықты өз бағасын алған.


Білім алушы жастарға, ұстаздар мен ғалымдарға, «Рухани жаңғыру» белсенділері мен еріктілеріне арналады

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)




323(574)(084) Мәңгілік ел - Қазақстан [Мәтін] = Вечная страна Казахстан = М36 Kazakhstan - eternal country / [құраст. М. Байленова, Г. Алмасбекова]. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 184 б.

«Мәңгілік ел - Қазақстан» фотоальбомы Қазақстан Республикасының жалпы сипаттамасын, табиғатының көзбен көріп, тамашалауға тұрарлық, туризмі дамыған көрікті жерлерін, айтулы тарихи орындарын, қысқаша экономикалық-саяси ахуалын көрсететін, сонымен қатар қазақ халқының өзіне тән ұлттық құндылықтары мен еңбек түрлерін, маусымдық қоныстарын, салт-дәстүрлерін, киімдері мен музыкалық аспаптарын, ойындарын, тағамдары мен қолөнер бұйымдарын, тағы басқа ерекшеліктерін, фотосуреттермен бірге таныстыратын басылым болып табылады. Оқырман қауым, бұл басылымнан тәуелсіз жас мемлекет - заманауи Қазақстанның атын әлемге танытып жүрген тұлғалар туралы да біле алады.



[Кітап сөресіне қайтап оралу...](#)






Қазіргі кезде Қазақстанымыз әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Экономикалық байланысымыз даму үстінде. Қазақ жерінің байлығы, мол табиғи қорлары еліміздің әлеуметтік дамуының негізі болуда.

Тәуелсіз еліміз қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, талай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді.

2019 жыл Қазақстан үшін тосын оқиғаларға толы болды. 19 наурызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтатты. 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 пайыздан астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды.

342.51(574) Билік сабақтастығы [Мәтін] = Преимственность власти : ҚР Б53 Тұңғыш Президенті - Елбасы Н. Ә. Назарбаевқа Мемл. басшысы ретіндегі өкілеттігін тоқтатуына байл. жолданған лебіздер : [лебіздер мен пікірлер жинағы] / [құраст.: М. Қасымбеков ж. б.]. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2019. – 332 б.



Тақырыптық жинақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Мемлекет басшысы ретінде өкілеттігін тоқтатуына байланысты жолданған хаттар мен жеделхаттардан, осы оқиғаға қатысты ой-пікірлерден тұрады.

Кітапқа Тұңғыш Президент - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2019 жылғы 19 наурыздағы үндеуі, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының 2019 жылғы 20 наурыздағы бірлескен отырысында сөйлеген сөзі, сондай-ақ өзге де материалдар енгізілді.

Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.


[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)



ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕРГЕН

30 ЖЫЛЫ

Тәуелсіздіктің отыз жылы — біздің халқымыздың сан ғасырлық қаһармандық тарихының ажырамас бөлігі. Еуразияның жүрегінде, оркениеттер тоғасында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен Ұлы даланың төсінде дүниеге келген біздің халқымыздың барша тарихы — ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күресістерге толы тарих.



*Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық
мерейтойы тұғырлы, баянды
болсын! Тәуелсіз Қазақстанның
таңы нұрлы, егемен еліміздің
ұрпағының еңсесі биік болып, көк
аспанда қасиетті көк туымыз
мәңгі желбіресін!*